## 2014 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 395 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 395 қаулысымен бекітілген

## 2014 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі

| Р/с № | Жобаның атауы | Жобаның жалпы құны (мың теңге) | Іске асыру кезеңі (жылдар) | Мемлекеттік кепілдіктің мөлшері (мың теңге) | Қарыз алушы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Азия Даму Банкі қаражаты есебінен екінші деңгейдегі банктер арқылы шағын және орта бизнесті қаржыландыру | 22500000 | 2014 – 2019 | 22500000 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК